

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1028 тіркелген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 7 қазандағы 334 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 20 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 2624. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 маусымдағы N 159 қаулысымен. V042955

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін реттейтін Заңдарды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 7 қазандағы 334 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1028 тіркелген, 2000 жылғы 17-30 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Нұсқаулық "Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" (бұдан әрі - Банктер туралы заң), "Акционерлік қоғамдар туралы", "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және кредиттік серіктестіктер

мен ломбардтарды қоспағанда екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банктер) және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - банктік емес ұйымдар) басшы қызметкерлерін, банктер мен банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлері лауазымына тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылған кандидаттарды қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті органның Біліктілік комиссиясының өкілеттігін айқындайды.";

2 - т а р м а қ т а :

"Жарлықта" деген сөз "Банктер туралы заңда" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Ұлттық Банк" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын ;

3-тармақта және одан әрі мәтін бойынша "Ұлттық Банктің", "Ұлттық Банкпен", "Ұлттық Банк" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "Ұлттық Банктің Банктерді қадағалау департаментіне (бұдан әрі - Банктерді қадағалау департаменті)" деген сөздер "уәкілетті бөлімшеге" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10-тармақта және одан әрі мәтін бойынша "Банктерді қадағалау департаменті", "Банктерді қадағалау департаментіне" деген сөздер тиісінше "уәкілетті бөлім", "уәкілетті бөлімшеге" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

14-тармақтағы "Банктерді қадағалау департаментінің қадағалау басқармасының қызметкерлері" деген сөздер "уәкілетті бөлімшенің қызметкерлері" деген сөздермен ауыстырылсын;

15-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер мен банктік емес ұйымдардың қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжат уәкілетті органға алдын ала ұсынылуға тиіс. Осы Нұсқаулыққа сәйкес басшы қызметкердің қол қоюға құқығы бар болған жағдайда, уәкілетті бөлімшенің тиісті басшылары қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжаттарға бұрыштама қойылған күнді көрсете отырып жоғары оң жақ бұрышына бұрыштама қояды, қажет болған жағдайда банктің басшы қызметкерінің қол қою құқығының ең ұзақ мерзімі көрсетіледі, бұл мерзім аяқталғаннан кейін басшы қызметкердің мұндай құқығы болмайды.";

16-тармақтағы "Жарлықтың" деген сөз "Банктер туралы заңның" деген сөздермен ауыстырылсын ;

2 1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Комиссияның құрамы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен б е к і т і л е д і . " ;

екінші абзацтағы "Банктерді қадағалау департаментінің қадағалау басқармаларының немесе Банктерді қадағалау департаментінің банктік емес ұйымдарды қадағалауға жауапты құрылымдық бөлімшесінің" деген сөздер " уәкілетті бөлімшесінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына, кредиттік серіктестіктер мен ломбардтарға жіберсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басшылығының қызметін қамтамасыз ету басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ. Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы